

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 41 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 3 сәуірде № 9075 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Әуликөл ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Әуликөл ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Теменов

2020 жылғы
1 сәуірдегі № 41
Әкімдіктің қаулысына
қосымша

Әуликөл ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Қазақстан Республикасы Президентігіне үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы № 129 қаулысы (2011 жылғы 24 ақпанда "Әуликөл" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-129 болып тіркелген).

2. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге үміткерлердің барлығы үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2011 жылғы 25 қарашадағы № 408 қаулысы (2011 жылғы 8 желтоқсанда "Әуликөл" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-7-147 болып тіркелген).

3. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 408 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге үміткерлердің барлығы үшін үгіттік баспа

материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 151 қаулысы (2014 жылғы 5 маусымда "Әуликөл" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4777 болып тіркелген).

4. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге үміткерлердің барлығы үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" 2015 жылғы 27 ақпандағы № 42 қаулысы (2015 жылғы 9 сәуірде "Әуликөл" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5448 болып тіркелген).

5. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Әкімдіктің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 42 "Сайлау алдындағы үгіт жүргізуге үміткерлердің барлығы үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 6 мамырдағы № 88 қаулысы (2019 жылғы 8 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8415 болып тіркелген).

6. Әуликөл ауданы әкімдігінің "Әуликөл ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын бекіту туралы" 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 54 қаулысы (2018 жылғы 16 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7733 болып тіркелген).